

**“Астана медицина университеті” АҚ
“Құқық негіздері мен сот медицинасы” кафедрасы**

Орындаған: Әубәкір Н.М.

топ: 107

Тексерген: Муканова А.Б.



Жоспар

- Заңдылықтың түсінісі
- Заңдылықтың мән қағидалары
- Күштілік тәртібі мен құқықтық
- Заңдылық пен құқықтық тәртібінің арақатынасы.

1. Заңдылықтың түсінігі

- Қоғам тәртіпке, заңдылыққа негізделіп, соған арқа сүйеіп қалыптасып, өмір сүре алады. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, қирайды, оның келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін реттейтін қағидалардың әсерімен орнатылады. Қоғамдағы барлық қарым-қатынасты құқықтық реттеу өте күрделі; ол көп салалы, көп жүйелі процесс. Құқықтық басқарудың екі күрделі бағыты: құқықтың қоғамдағы қатынастарға тигізетін әсері, ықдалы және құқықтық реттеудің, басқарудың рөлі. Бұл екі процесті қосып айтқанда - қатынасты құқықтық реттеудің, басқарудың механизмі дейді.

□ Қоғамдағы қатынасты құқықтық реттеу механизмі құрылымының элементтері:

□ 1). *Құқықтық норма*

арқылы қоғамдағы заңдылықтың, тәртіптің талабы, мазмұны, шеңбері, мүдде-мақсаты анықталады; олардың орындалу бағыттары, жолдары, тәсілдері көрсетіледі. Егер дұрыс орындалмаса, жауапкершіліктің түрлері көрсетіледі.

■ 2). *Құқықтық қатынас*

арқылы субъектілердің арабайланысын мүдде-мақсатын, құқық пен міндеттерін анықтап, біліп отырады. Ол мүдде-мақсаттарды қандай нормативтік актілер арқылы іске асырады; қатынастың басталуы мен аяқталуы көрсетіледі.

■ 3). *Заңды құқық пен міндеттің орындалуы*

туралы актіде қатынастың толық орындалып, аяқталуы; мүдде-мақсаттың екі жақты іске асуы; дұрыс орындалмаса себептері көрсетіледі, оны түзеу, орындау жолдары анықталады.

- Заңдылық дегеніміз — мемлекеттің конституциясын, парламенттің қабылдаған заңдарын, президенттің заң күші бар жарлықтарын қатаң бақылап, оларға нышан келтіруге жол бермеу. Заңға тәуелді актілерді бақылау заңдылыққа жатпайды. Заңдылықтың мазмұны **үш** элементтен құрылады.

- **1. Қоғамда әділ заң саясаты болу керек.**

Сол арқылы мемлекеттің заңдары бостандықты, теңдікті, адамгершілікті, инабаттылықты, парасаттылықты т.б. жақсылықты қорғау керек; мемлекет пен азаматтардың арақатынасын дұрыс басқару.

- **2. Конституцияның, заңның мазмұнын толық іске асыру, дұрыс орындау. "Сөз бен іс бір жерден" шығу керек.**

- **3. Конституция мен заңды халықаралық құқықтың принциптерін қатаң қорғау, оларға нұқсан келтіруге жол бермеу.**

- **Міне осы элементтер іс жүзінде бірігіп, қалыптасса, қоғамда заңдылық орнап, құқықтық мемлекет орнатуға мүмкіншілік болады.**

Заңдылықтың өзіне тән ерекшеліктері:

- заңдылық барлық қоғам көлемінде дамиды; оны орындау, дамыту барлық қоғамның жұмысы. Бұл жұмысты қамтамасыз ету мемлекеттің, бірлестіктердің, одақтардың, ұжымдардың, саяси партиялардың міндеті. Бақылау мемлекеттік органның жұмысы.
- заңдылық нормативтік актілермен тығыз байланыста дамиды. Олар бір-біріне зор әсер етіп отырады. Бірі жақсы дамыса екіншісі де жақсы дамиды, нашар дамыса, екеуінің де деңгейі төмен болады.

Сондықтан заңдылық мемлекетте бір-бірімен тығыз байланысты екі мәселені дұрыс дамытуды қалайды:

- заң шығаруды дамыту, нығайту, кемшілікке жол бермеу;
- заңды бұлжытпай, уақытында орындауды қамтамасыз ету.

Заңдылықтың негізгі талабы:

- заңның үстемдігін қамтамасыз ету;
- заңды түсіну мен орындаудың бірлестігін қатаң, орындау;
- адам өз құқығын, өз бостандығын қорғаймын деп басқаның құқығына нұқсан келтірмеуге міндетті;
- заңдылыққа еш мәселені қарсы қоюға болмайды;
- құқықты бұзушылыққа қатаң күрес жүргізу.

□ **Заңдылықтың қағидалары –**

бұл заңдылықтың мазмұнын ашатын негізгі идеялар, бастамалар. Оларға мыналар жатады:

- **1) заң үстемдігі –** барлық нормативтік және жеке құқықтық актілердің заңға бағыныстылығын білдіреді;
- **2) заңдылықтың тұтастығы –** нормативтік актілерді түсіну мен қолдану елдің бүкіл аумағында бірдей болуы тиіс дегенді білдіреді;
- **3) заңдылықтың мақсатқа сәйкестігі –** құқықшығармашылық және құқықты жүзеге асыру қызметінің қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін ең дұрыс түрлерін қатаң түрде заң-дардың шегінде таңдау қажеттігін, заңдылық пен мақсатқа сәйкес-тілікті қарама-қарсы қоюды болдырмауды білдіреді, яғни, мақсат-қа сәйкестілікті себеп қылып заңды бұзуға жол берілмейді;
- **4) заңдылықтың шынайылығы –** құқықтық ережелердің барлық қызмет түрлерінде іс жүзінде орындалуына жетуді және оларды кез-келген түрде бұзу міндетті түрде жауапкершілікті көздейтінін білдіреді.

□ **Құқықтық тәртіп** — заңдылықтың дәйекті, нақтылы толық орындалуы.

Зандылық-құқықтық тәртіптің мазмұны мен мақсаты, мұраты мен қағидалары. Зандылықпен құқықтық тәртіп тығыз байланысты.

2. Құқықтық тәртіптің түсінігі

Құқықтық тәртіп - заңдылықтың мазмұны мен мүдде-мақсаты. Осы екі ұғым бірлесіп орындалады

□ **Құқықтық тәртіптің мазмұны** - субъектілердің дұрыс тәртібі, нормативтік актінің талабына сәйкес жұмыс жасау, іс-әрекетте қателікке жол бермеу. Құқықтық тәртіптің құрылымы - қоғамның санасымен байланысты тұрғыда іс-әрекет жасап, қатынас арқылы өздерінің мүдде-мақсатын іске асыру. Құқықтық тәртіптің ерекшелігі - бұл қарым-қатынас құқықтық норма арқылы өмірге келіп, мемлекеттің бақылауында болады. Егерде қарым-қатынаста қателіктер кетсе, оны мемлекеттік орган түзетуге тиіс.

Құқықтық тәртіптің ерекшеліктері:

ол құқық нормаларында жоспарланған; мемлекетпен қамтамасыз етіледі;

осы нормаларды жүзеге асырудың нәтижесінде туындайды;

қоғамдық қатынастардың ұйымдастырылуына жағдай жасай-ды

заңдылықтың нәтижесі болып табылады.

▣ 3. Заңдылық пен құқықтық тәртіптің арақатынасы.

- 1) құқықтық тәртіп құқықтық тәртіптің мақсаты болып табылады; құқықтық тәртіпке жету үшін заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілер қабылданады, заңнаманы жетілдіру жүзеге асырылады, заңдылықты нығайтуға байланысты шаралар қолданылады;
- 2) құқықтық реттеуді жетілдіру мен заңдылықты қамтамасыз етуден басқа тәсілдермен құқықтық тәртіпке жету мүмкін емес;
- 3) заңдылықты нығайту құқықтық тәртіпті нығайтуға алып келеді;
- 4) құқықтық тәртіптің нақты мазмұны заңдылықтың мазмұнына байланысты болады.

Қорытынды

Заңдылық — бұл қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларымен заңдарды қатаң және мүлтіксіз сақтауы

Заңдылық субъектілері:

- мемлекет пен оның органдары;
- қоғамдық ұйымдар;
- еңбек ұжымдары;
- лауазымды тұлғалар;
- азаматтар

Заңдылық объектісі:

- Заңды міндетті тұлғалардың жүріс-тұрысы, алардың санасы, еркі мен әрекеттері

Заңдылық принципі:

- заң үстемдігі;
- заңдылықтың біртұтастығы;
- заңдылықтың мақсаттылығы;
- заңдылықтың шынайылығы

Заңдылықтың кепілдіктері:

- әлеуметтік-экономикалық;
- саяси;
- ұйымдастырушылық;
- қоғамдық;
- идеологиялық;
- арнайы-заңдық

Пайдаланған әдебиеттер:

- “Құқық негіздері” Баққұлов С.Д
- “Құқық негіздері” Оспанова

Назарларыңызға рахмет!